

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы « __ » _____
№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мажилис Парламента
« __ » _____ 20 __ года

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары
Ә.А. Смайыловқа**

2 желтоқсан 2020 жылы жарияланды

Депутаттық сауал

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Азаматтардың күнделікті өміріндегі маңызды мәселелерінің бірі бұл – олардың азық - түлікпен қамтамасыз етілуі, ал ең бастысы **бағаның қолжетімділігі**. Тұтыну себетіндегі тамақ шығындарының үлесі халықтың өмір сүру деңгейінің көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Бізде бұл 50% - дан астамды шығындарды құрайды.

Халықтың табысы төмен болғанымен, азық-түлік құнының өсуі жалғасуда. Жыл басынан бастап азық-түлікке деген инфляция 10%-дан асқанын көріп отырмыз, бұл ЕАЭО деректері бойынша осы ұйымға кіретін елдер арасындағы ең жоғары көрсеткіш болып табылады. Өздеріңіз білетіндей, өндірушінің өнім бағасы реттелмейді және ол бәсекелестік ортада орналасқан. Әрине, ең бастысы, өнімдер тұтынушыға дейін негізделген тауарлық үстеме бағаларымен жетуі абзал. Соңғы уақытқа дейін әкімдіктерде бағаны бақылау және бұзушыларды жауапкершілікке тарту бойынша жеткілікті өкілеттіктер болған жоқ.

Ағымдағы жылы Парламент Мәжілісінің депутаттарымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының Әкімшілік кодексіне түзетулер енгізілген. Онда «Ішкі сауда

субъектісі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарын беру шартында көрсетілген, өндірушінің босату бағасының немесе көтерме сауда арқылы берушінің сатып алу бағасының **он бес пайызынан аспайтын** шекті сауда үстемесінің мөлшерін белгілейді» делінген. Сондай-ақ заңды бұзғаны үшін жауапкершіліктің елеулі қаржылық шаралары айқындалды. Бұл өзгерістер ағымдағы жылдың 25 маусымында күшіне енді.

Естеріңізге сала кетейік «әлеуметтік маңызы бар азық-түлік» өнімдерінің 19 түрі бар, олардың тек қант пен құс еті бойынша импорттық тәуелділіктері бар. Ал өзгелері бойынша қажеттілік өз өндірісімен қамтамасыз етіледі, бұл жақсы егінге де ықпал етеді. Өндіруші бағасынан 15% - дық үстеме бағасынан асырмау туралы белгіленген нормалар тұтынушылардың құқықтарын қорғауға, делдалдар мен алыпсатарларды алып тастауға, бағаның негізсіз көтерілуіне жол бермеуге нақты мүмкіндіктер жасайды.

Алайда, әкімдіктердің ақпараты бойынша, бүгінгі күні бұл нормалар тексерулер жүргізуге мораторий, сондай-ақ олардың өкілеттіктерінің болмауы және уәкілетті орган - Сауда және интеграция министрлігі тарапынан қосымша түсіндірулердің болмауына байланысты қолданылмайды.

Мұнда келесілерді атап өту қажет. **Біріншіден**, мораторий ірі сауда желілеріне қолданылмайды. **Екіншіден**, бұл мәселе бойынша Сауда және интеграция министрлігінде нақты ұстаным жоқ. Мысалы, ағымдағы жылдың 20 қазанында Үкіметтің №633 сауда базарларының қызметін реттеу туралы қаулысы қабылданды. Онда сауда алаңдарының 10% - ы ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері үшін тек коммуналдық базарларына бөлінуі тиіс екендігі айқындалған. Олардың көпшілігі жекешелендірілгені белгілі, бірақ басқа қалаларда олар мүлдем жоқ. Яғни, бұл фермерлердің экологиялық таза және төмен бағалы өнімдеріне сатып алушылардың кең тобы қайта қол жеткізе алмайды. Қаулыда сондай-ақ, нарық әкімшісі сауда субъектілерінің назарына әлеуметтік маңызы бар тауарларға шекті жол берілетін бағаларды ғана жеткізетіндігі жазылған.

Бүгінгі таңда бағаны бақылау мониторинг деңгейіне, басқаша айтқанда, пассивті бақылауға дейін азайды. Сауда үстеме бағаларының көтерілуі айқын көрінеді. Мысалы, құс фабрикаларының тағамдық жұмыртқасының он данасы, бүгінгі таңда орта есеппен 300 теңге бағамен сатылады, алайда сауда желілерінде олардың құны орта есеппен 400 теңгені құрайды, **үстеме бағасы 25%**.

Тағы бір маңызды мәселе болып – бұл тақырыпты жария ету табылады. Бүгінгі таңда мемлекеттік органдар тарапынан халықты ақпараттандыру негізінен тұрақтандыру қорларының жұмысымен, сауда үйлерін қаржылық қолдау шараларымен және басқаларымен байланысты. Алайда, өндірушілердің бағалары туралы, бөлшектеп сатып алу бағалары туралы, сондай-ақ бұзушыларға шара қолдану туралы ақпарат жоқ.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты, **келесі мәселелер** бойынша ақпарат берулеріңізді сұраймыз:

- шағын және орта бизнеске жатпайтын ірі сауда желілеріндегі бірінші қажеттіліктегі тамақ өнімдерінің бағаларын бақылау бөлігінде қабылданған заңнама нормалары не себепті қолданылмайды, сондай-ақ, бұл функцияны нарық әкімшіліктері қалай орындайды;

- неліктен Сауда және интеграция министрлігі уәкілетті орган ретінде, жоғарыда аталған заңнамалық түзетулерді қолдану бойынша қажетті түсіндірмелер енгізбейді және олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етпейді;

- ел Президентінің «егістіктен сөреге дейін» пилоттық жобасын іске асыру, әсіресе, жеке аулалардан өнім сатып алуды ұйымдастыру және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің қала нарығына кедергісіз кіруін қамтамасыз ету бөлігіндегі тапсырмасы қалай орындалуда.

Қоғамдық бақылауды тарту мақсатында әкімдіктерге өндірушілердің бағалары және әлеуметтік маңызы бар өнімдерге деген ұсынылатын бөлшектік бағалары туралы ақпаратты тұрақты негізде орналастыруды тапсыруыңызды сұраймыз.

Жауап заңмен белгіленген мерзімде ұсынылсын.

Құрметпен,

«Nur Otan» партиясының мүшесі

Н. Ашимбетов

Қазақстан халқы Ассамблеясының депутаттары

В. Божко

Н. Микаелян

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нұр-Сұлтан, Мажиліс Парламента

«__» _____ 20 __ года

**Первому заместителю
Премьер –Министра
Республики Казахстан
Смаилову А.А.**

Оглашен 2 декабря 2020 года

Депутатский запрос

Уважаемый Алихан Асханович!

Обеспечение продуктами питания, а главное **доступность их стоимости** - один из самых важных вопросов в повседневной жизни граждан. Доля расходов на пищу в потребительской корзине - один из показателей уровня жизни населения. У нас эти расходы составляют уже более 50%.

При низких доходах населения, продолжается рост стоимости продуктов питания. С начала года инфляция на них составила более 10%, что по данным ЕАЭС является самым высоким показателем среди стран, входящих в эту организацию. Как известно, цена продукции у производителя не регулируется и находится в конкурентной среде. Главное, чтобы продукты дошли до потребителя с обоснованными торговыми наценками. До недавнего времени у акиматов не было достаточных полномочий по контролю за ценами и привлечению к ответственности нарушителей.

В текущем году депутатами Мажиліс Парламента были внесены поправки в Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам защиты прав потребителей» и в Административный Кодекс Республики Казахстан. В них прописано «Субъект внутренней торговли **на социально значимый продовольственный товар** устанавливает размер предельной торговой надбавки **не более пятнадцати процентов** от отпускной цены

производителя или закупочной цены оптового поставщика, указанной в договоре поставки». Также определены серьезные финансовые меры ответственности за нарушение Закона. Эти изменения вступили в силу 25 июня текущего года.

Напомним, к «социально значимым» относятся 19 видов продуктов питания, из которых, только по сахару и мясу птицы имеется импортная зависимость. По остальным позициям потребность обеспечена собственным производством, чему также способствует хороший урожай. Установленные нормы, о не превышении 15% - ой надбавки от цены производителя, создают реальные возможности защитить права потребителей, убрать посредников и перекупщиков, не допустить необоснованного завышения цен.

Однако, по информации акиматов, на сегодняшний день данные нормы не применяются из-за моратория на проведение проверок, а также по причине отсутствия у них полномочий и дополнительных разъяснений со стороны уполномоченного органа - Министерства торговли и интеграции.

Необходимо отметить следующее. Во – первых, мораторий не распространяется на крупные торговые сети. Во – вторых, действительно, нет понятной позиции в этом вопросе у Министерства торговли и интеграции. К примеру, 20 октября т. г. принято постановление Правительства №633 о регулировании деятельности торговых рынков. Где определено, что 10% торговых площадей должно выделяться для сельхоз товаропроизводителей **только на коммунальных рынках**. Хотя известно, что многие из них приватизированы, а в иных городах их вообще не было и нет. Т.е. опять экологически чистая и низкая по цене продукция фермеров не получит гарантированный доступ к широким слоям покупателей. В Постановлении также прописано, администратор рынка лишь **доводит до сведения** субъектов торговли предельно допустимые цены на социально значимые товары.

В настоящее время, контроль за ценами сведен на уровень мониторинга. Превышение торговых наценок видно, что называется «невооруженным глазом». Например, пищевое яйцо с птицефабрик отпускается по цене в среднем 300 тенге за десяток, а их стоимость в рознице - 400 тенге, с **наценкой 25%**.

Информирование населения в этом вопросе, связано в основном с работой стабфондов, мерами финансовой поддержки торговых домов и другое. Нет данных о ценах производителей, рекомендуемых розничных ценах, а также о принятии мер к нарушителям.

В связи с вышеизложенным, просим представить информацию по **следующим вопросам:**

- в связи с чем не применяются принятые нормы законодательства в части контроля за ценами на продукты питания первой необходимости в крупных

торговых сетях, которые не относятся к малому и среднему бизнесу, а также как эту функцию выполняют администрации рынков;

- почему Министерство торговли и интеграции, как уполномоченный орган, не вносит необходимые разъяснения по применению вышеназванных законодательных поправок и не обеспечивает контроль за их выполнением;

- как выполняется поручение Президента страны по реализации пилотного проекта «от поля до прилавка», особенно в части организации закупа продукции у личных подворий и обеспечении беспрепятственного доступа сельхоз товаропроизводителей на рынки городов.

В целях вовлечения общественного контроля просим поручить акиматам на постоянной основе размещать информацию о ценах производителей и рекомендуемых розничных ценах на социально значимые продукты.

Ответ предоставить в установленные законом сроки.

**С уважением,
член партии «Nur Otan»**

депутаты от Ассамблеи народа Казахстана

Н. Ашимбетов

В. Божко

Н. Микаелян